

**«Талдық негізгі орта білім беретін мектебі»КММ –нің педагогикалық кеңесінің
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Күні:5.01.2026

Қатысатын мұғалімдер: 12

Қатыспаған: 0

Қаралатын мәселелер:

1. I-ші жарты жылдықтың оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы
2. 1-4 с ыныптардағы вариативтік сағаттардың берілуі
3. I жарты жылдық бойынша әлеуметтік-педагог жұмысының қорытындысы
4. МАД тобындағы және «Балдырған » ШО-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру мен жүргізілуі туралы ақпарат беру.

Тыңдалды:

1. Избасаров Ж.Е. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің ІІ тоқсан бойынша білім сапасы:

- 3 сынып-33% оқу озаты-1, үлгерушілер -2
- 4 сынып- 66% оқу озаты-2, үлгерушілер-1
- 5 сынып -50% оқу озаты-2, үлгерушілер-2
- 6 сынып -66% оқу озаты-2, үлгерушілер-1
- 7 сынып -37% оқу-2, екпінділер-1, үлгерушілер-5
- 8 сынып -0% үлгерушілер-2

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айматова Г.М « Адал азамат-Біртұтас тәрбие » бағдарламасының жүзеге асырылу барысы жөнінде қысқаша қорытынды ақпаратты ұсынды.

ІІ тоқсанда қамтылған негізгі құндылықтар:

Қараша айында- әділдік пен жауапкершілік;

Желтоқсан айында-бірлік пен ынтымақ;

Бұл бағыттар аясында сынып сағаттары, қауіпсіздік сағаттары, жобалық жұмыстар, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді.

Тәрбие сағаттары мен қауіпсіздік сағаттары:

«Адал азамат-адал еңбек-адал табыс» ,« Теңге-тәуелсіз Қазақстанның жетістігі», « Буллингке жол берме», « Өз әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыптарында мазмұнды тәрбие сағаттары өткізілді.

Күнделікті және апталық тәрбие жұмыстары:

« Күй күмбірі», « Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», « Өнегелі 15 минут», « Үнемді тұтыну » сияқты іс-шаралар оқушылардың рухани, ұлттық және мәдени тәрбиесіне оң әсерін тигізді. Апталық форматта: Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалып, Аптаның дәйексөзі жарияланып, қауіпсіздік сабақтары өткізілді.

II тоқсанда мектеп кітапханашысы Амантаева А.К. « Оқуға құштар мектеп » жобасы аясында балалар кітапханасы бағдарламасы бойынша қараша айында « Жақсы кітап жан азығы » тақырыбында оқушыларға эссе жаздырды. « Шоқан Уәлиханов- Қазақтың ұлы ғалымы » дөңгелек үстел , Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына байланысты « Ерлік-елдіктің қасиеті, жүректілік-жігіттің қасиеті » тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы арқылы цифрлық қауіпсіздік, зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында сабақтар өткізілді.

2. Бастауыш сынып мұғалімі Қазбекова Г.С 1-3 сыныптардағы вариативтік сағаттардың жүргізілуі туралы мәлімет берді.

1 сынып оқушыларына арналған « Математика әлемі » атты сабағының мақсаты: оқушының ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білімдерін қалыптастыру. Бағдарламада 10 көлеміндегі сандарды, кестелік қосу, азайту, теңдік, теңсіздік, сөз есеп шығару сияқты тақырыптар қамтылған. Берілген жаттығулар оқушының жас ерекшелігімен қабілеттілігіне сәйкес құрылған.

Міндеттері: - оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту; - ауызша-жазбаша кестелік қосу, азайтуды үйрету; - кестелер, тірек сызбалар арқылы жұмыс істеуді меңгерту; - шығармашылық тапсырмалар арқылы балардың логикалық ойын дамыту.

3 сынып оқушылары « Ғажайып математика » вариативтік сабағына белсене қатысып тапсырмаларды жүйелі орындады. Бұл сабақ баланың математика пәнінде алған бастапқы білімін жетілдіріп, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады. Математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

4 сынып « Ғажайып математика » жылына 34 сағат, аптасына 1 сағат, мұғалімі Сарсенбаева А.А. Тақырыптары: « Математика еліне саяхат » саяхат түрінде өткізілді. « Сандар әлеміне саяхат », « Сандардың шығу тарихы » танымдық сабақ, « Геометриялық фигураларға пішіндер құрастыру » ойын түрінде өткізілді, « Логикалық есептер » сөз есептер құрастыру, жұмбақтар құрастыру, « Олимпиадалық есептер » есептер шығару.

3. I жартыжылдық бойынша әлеуметтік-педагог жұмысының қорытындысы:

1. « Мектепке жол » республикалық акциясы, қатысушылар : оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер демеушілер қатысушылар саны: 12

2. « 29 қазан- Қамқоршылар күні » аталып өтті. Қатысушылар ата-аналармен оқушылар, мұғалімдер, қатысушылар саны: 34

3. « Қош келдің, жаңа жыл » мерекелік концерт өтті. Қатысушы оқушылар, демеушілер 27 оқушы, 12 ата-ана

4. « Әр баланың құқығы- мемлекет құндылығы » семинар-тренингі: қатысушылар 7-8-9 сыныптар, саны: 10

5. « Буллинг деген не? Алдын алу- ортақ міндет » семинар –тренингі 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілді

6. « Білім алушылар арасындағы зорлық-зомбылыққа байланысты сауалнама» 5-9 сыныптар арасында өтті

7.« Буфеттік тамақтану» бойынша сауалнамалар өтті, 1-4 сыныптар қатысты

Сыныптарға , мектепке әлеуметтік паспорттарды жүргізу;

Мақсаты: Мектептің әлеуметтік жағдайын анықтау, оқушылармен отбасылар туралы ақпарат базасын қалыптастыру.

Атқарылған жұмыс:

Барлығы 6 сынып 25 оқушы әлеуметтік паспорттаудан өтті. Қамтылған отбасылар саны:12. Мектеп оқушыларының жалпы санынан тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушылар -0; Көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар:17 Толық емес отбасынан шыққан оқушылар:2 .

Қорытынды: Әлеуметтік жағдайдың дерекқоры жаңартылып, негізгі мәліметтер талданды.

Балалардың құқықтарын қорғау туралы құқықтық 1 сағат өткізілді.

4. МАД сыныбының тәрбиешісі А.Қ. Амантаеваның ІІ тоқсандағы есебі;

Бала саны 2, 1 ұл, 1 қыз

Сауат ашу негіздері: дыбыс пен әріптің айырмашылықтарын түсінді. А,О,Л,Н,С,Т дыбыстарын танып, оларды буынға қосып оқуға талпыныстар жасалды.Сөздегі дыбыстарды есту арқылы ажырата алады.

Математика: 10-ға дейінгі сандарды тану және жазу. « Артық », « Кем», « Тең» ұғымдарымен жұмыс ітеу. Кеңістікті бағдарлау (оң, сол, жоғары, төмен) дағдылары тұрақталды.

Қол моторикасы: Үзік сызықтарды қосу, бояу, қағазбен жұмыс (аппликация) арқылы қол бұлшықеттері дамыды.

«Балдырған» ШО-да аралас топта 12 тәрбиеленуші бар.4 жастағы бала саны-4, ересектер тобы « Күншуақ »,

3 жастағы балалар саны -6, ортаңғы топ « Өркен», 2 жастағы бала саны-2 « Бұлақ » тобы деп аталады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ережесіне сәйкес барлық тәрбиеленушілер ата-анасының өтініші бойынша жолдама алып қабылданды.Денсаулығын бақылау мақсатында дәрігерлік бақылаудан өтіп №ҚР.ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген №027/е нысанындағы анықтама алды.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша жүруде тепе-теңдікті сақтайды әртүрлі бағытта жылдамдықпен, баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді.

Коммуникативтік дағдылар бойынша сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулер мен көп мағыналы сөздерді зат есіммен байланыстырып айтады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерді.

Шығармашылық дағдыларын дамыту. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылды.

